

БАСПАСӨЗ МӘДІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 13 наурыз

KASE биржалық нарықтың 2024 жылғы ақпандағы жұмысының қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылғы ақпандағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2024 жылғы ақпанда 30,9 трлн теңгені құрады және қаңтарға қатысты 14,1%-ға немесе 5,1 трлн теңгеге төмендеді.
- Ақпан айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 12,8%-ға өсіп, 4 803,18 тармақты құрады.
- Ақпан айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 6,7%-ға 28,3 трлн теңгеге дейін, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі – 0,9%-ға 13,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды.
- Ақпан айында листинг процедурасынан үш жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялары өтті.
- 2024 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 245 эмитенттің 674 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2024 жылғы ақпан айында KASE және оның 100% еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ Астана қаласында жеке және квазимемлекеттік сектор өкілдері мен Биржаның серіктестері үшін "KASE day in Astana" бизнес өкілдеріне арналған таңғы ас форматында кездесу өткізді. Іс-шара KASE-нің 2023 жылғы қызметінің қорытындылары, Биржаның іске асырылып жатқан жобалары, инновациялар мен жаңа қаржы құралдарын енгізу, Қазақстанның қор нарығын дамытудың трендтері мен перспективалары туралы ақпаратты, сондай-ақ ESG қаржыландыруды дамыту, KASE Digital алаңында токенизацияланған активтерді іске қосу және сату жөніндегі жоспарлар, Market data бағытын дамыту және KASE аналитикалық өнімдері туралы ақпаратты ұсынуға бағытталған.

"Эйр Астана" АҚ өткізетін IPO роуд-шоуы аясында ақпан айында KASE алаңында институционалдық инвесторлармен кездесу өтті. Кездесуде IPO параметрлері және компанияның өткен кезеңдегі операциялық қызметінің нәтижелері туралы ақпарат ұсынылды. Іс-шараға "Эйр Астана" АҚ президенті Питер Фостер және Қаржы жөніндегі атқарушы директоры Ибрахим Жанлыел қатысты.

15 ақпанда "Эйр Астана" АҚ жай акцияларын жария бастапқы орналастыру шеңберінде Биржа осы акциялармен сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімін өткізді. "Эйр Астана" АҚ KASE арқылы 49,2 млрд теңге (баламасы 108,9 млн АҚШ доллары) немесе жергілікті нарықта ұсынылған жай акциялар көлемінің 76%-ын тартты.

Ақпан айында бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында KASE Орталық Азия және Кавказ өңіріндегі KPMG спикерлерінің қатысуымен "Бағалы қағаздарға салық салу және декларациялау" тақырыбында вебинар өткізді. Аталған іс-шара барысында жеке тұлғалардың бағалы қағаздарға салық салу мен декларациялаудың жалпы ережелері туралы ақпарат берілді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылғы ақпанның қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 28,3 трлн теңгені (62,6 млрд USD) құрады, бұл өткен айдағы көрсеткіштен 1,8 трлн теңгеге немесе 6,7% -ға жоғары.

Ақпан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 84,4 млрд теңгені құрап, қаңтармен салыстырғанда 6 есеге немесе 70,6 млрд теңгеге ұлғайды. Сауда-саттық көлемінің өсуі бастапқы және қайталама нарықтарда байқалды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 4,0 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 8 321 мәмілені (қайталама нарықта – 6 593 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 483,1 мың теңгені (қайталама нарықта – 254,1 мың теңге) құрады.

"Эйр Астана" АҚ жай акцияларының KASE-дегі жария ұсынысының нәтижелері бойынша бір акция үшін 1 073,83 теңге бағамен 45 855 827 акция сатып алуға 36 283 өтінім қанағаттандырылды. KASE-де қанағаттандырылған өтінімдердің жиынтық көлемі 49,2 млрд теңгені (108,9 млн АҚШ долларына баламасы) немесе жергілікті нарықта ұсынылған жай акциялар көлемінің 76,0%-ын құрады. Орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың үлесі 49,4% және институционалдық инвесторлардың үлесі 50,6% болды.

Ақпан айында қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 35,2 млрд теңгені құрады, бұл қаңтар айындағы көлемнен 2,5 есе немесе 21,4 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары арасында жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен мәмілелердің жиынтық көлемінің 65,7%-ы жеке тұлғалардың үлесіне, банктердің үлесіне – 2,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 18,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 11,4% тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 7,9%-ды құрады.

KASE ИНДЕКСІ

KASE Индексінің мәні ақпан айында 12,8%-ға өсіп, айдың соңына қарай 4 803,18 тармақты құрады.

Ақпан айында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 12,6 млрд теңгені құрады, бұл қаңтар айындағы көрсеткіштен 696,1 млн теңгеге төмен. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Қазақстан Халық банкі" АҚ-ның жай акцияларына – 2,7 млрд теңгеге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 21,6%) тиесілі болды.

KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, 1 акция үшін теңгемен			Сауда-саттық көлемі*, млн теңге		
		01.03.24	01.02.24	Δ, %	ақпан	қаңтар	Δ
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 469,03	1 056,00	+39,1	1 998,0	324,1	+1 674,0
"Kcell" АҚ	KCEL	2 884,00	2 230,00	+29,3	615,9	246,5	+369,4
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	HSBK	198,01	161,27	+22,8	2 712,1	1 142,1	+1 570,0
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 490,00	1 392,84	+7,0	1 612,1	1 492,1	+129,9
Kaspi.kz АҚ	KSPI	46 000,02	43 782,00	+5,1	850,6	742,6	+108,0
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	35 712,00	34 050,00	+4,9	661,2	2 764,1	-2 102,9
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 660,00	18 360,00	+1,6	918,4	1 349,4	-431,0
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	11 950,00	11 933,15	+0,1	2 712,1	4 762,2	-2 050,1
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	830,00	850,00	-2,4	469,4	422,9	+46,5

Ақпан айының қорытындысы бойынша ең жоғары өсімді **"Банк ЦентрКредит" АҚ**-ның 39,1% - ға өскен жай акциялары көрсетті. Одан кейінгі орынға 29,3% өсіммен **"Kcell" АҚ** орналасты.

Сонымен қатар, жасыл аймақта **"Қазақстан Халық банкі" АҚ** және **Kaspi.kz АҚ** қаржы секторының акциялары болды, олар сәйкесінше 22,8% және 5,1% бағаны қосты. Осыған қоса, **Kaspi.kz АҚ** 25 наурыздан кешіктірмей Лондон биржасынан (LSE) америкалық депозитарлық акциялардың (ADS) және жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) делистингін жүргізу ниеті туралы жариялады және бұл қаржы нарығының инвесторлары үшін маңызды оқиға болды. Kaspi.kz. аудиттелмеген жылдық есептілікке сәйкес компанияның кірісі 51%-ға, таза пайдасы – 44%-ға, активтері – 33,2%-ға, міндеттемелері – 33%-ға өскен. Бұл ретте компанияның Директорлар кеңесі акционерлерге акция үшін 850 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ұсынды. Акционерлер жиналысы 2024 жылдың 08 сәуіріне белгіленді.

"KEGOC" АҚ акциялары 2024 жылғы ақпанда 7,0 %-ға өсті. Moody's Investors Service компанияның "Baa2" деңгейіндегі рейтингін "позитивті" болжамымен растады. Сонымен қатар, Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның ұзақ мерзімді рейтингтерін 2024 жылдың ақпан айының басында "тұрақты" болжамымен "BBB -" - дан "BBB" деңгейіне дейін көтерді.

Телекоммуникация секторы да оң динамиканы көрсетті. **"Қазақтелеком" АҚ**-ның жай акцияларының бағасы 4,9%-ға өсті.

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ-ның жай акциялары 1,6%-ға өсті. **"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ**-ның 2024 жылға арналған өндіріс көлемі 21 000 – 22 500 тонна уран деңгейінде жоспарланған.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акциялары 0,1%-ға өсті. "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ компанияның 2023 жылғы өндірістік нәтижелері туралы хабарлады. Негізгі өндірістік көрсеткіштерді өткен жылмен салыстыра отырып, келесінің атап өтуге болады: ҚМГ көмірсутектерінің дәлелденген және ықтимал қорлары (2P) 3,7%-ға ұлғайып, 733 млн тоннаны құрады; мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 6,9%-ға өсіп, 23 532 мың тоннаға жетті; мұнай тасымалдау көлемі 7,6% - ға ұлғайып, 80 359 мың тоннаны құрады.

"ҚазТрансОйл" АҚ жай акцияларының бағасы 2,4%-ға төмендеді. Компания Ақтау портынан қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемінің 2024 жылғы қаңтарда 287 мың тоннаға дейін өскені туралы хабарлады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 76 мың тоннаға артық. 2024 жылы компания Германияға 1,2 млн тоннаға дейін қазақстандық мұнайды жеткізу үшін "Адамова застава" мұнайды тапсыру пунктінің бағыты бойынша "Транснефть" ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша жөнелтуді жоспарлап отыр.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

Ақпан айының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 45 атаудағы акциялары мен 11 ETF болды.

"KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі ақпан айында 1,7 млрд теңгені құрады және қаңтар айымен салыстырғанда 22,5%-ға немесе 507,1 млн теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 83,0 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 330, бір мәміленің орташа көлемі – 251,6 мың теңгені құрады.

2024 жылғы ақпанда "KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны келесі акциялармен жасалды:

- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 18,7 млн теңгеге 889 мәміле;
- American Airlines (AAL_KZ) – жалпы сомасы 11,7 млн теңгеге 540 мәміле;
- Pfizer Inc. (PFE_KZ) – жалпы сомасы 32,8 млн теңгеге 507 мәміле;
- AT&T Inc. (T_KZ) – жалпы сомасы 58,8 млн теңгеге 490 мәміле;
- Apple Inc. (AAPL_KZ) – жалпы сомасы 92,3 млн теңгеге 477 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 55,1%-ы жеке тұлғаларға, 2,1%-ы банктерге, 29,3%-ы брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 13,5%-ы басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,6 % құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2024 жылғы ақпанда 0,9%-ға немесе 120,4 млрд теңгеге өсіп, 13,5 трлн теңгеге (29,8 млрд USD) дейін ұлғайды.

2024 жылдың ақпан айының соңында KASE ресми тізімінде 111 эмитенттің 418 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Ақпан айында KASE ресми тізіміне бес эмитенттің корпоративтік облигацияларының жеті шығарылымы (үш жаңа) енгізілді: "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ-ның үш шығарылымы және "Birinshi Lombard" ЖШС-нің бір шығарылымы, "ФРИДОМ ФИНАНС Кредит Микроқаржы ұйымы" ЖШС-нің, "Робокэш.кз" МҚҰ ЖШС-нің, "Olibia Stroy" ЖШС бір шығарылымы. Ақпан айында KASE ресми тізімінен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты облигациялардың жеті шығарылымы алынып тасталды: "First Heartland Jusan Bank" АҚ-ның екі шығарылымы және "Home Credit Bank" АҚ, "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ, "аФинанс МҚҰ" ЖШС, "R-Finance "МҚҰ" ЖШС, "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС бір шығарылымы.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні ақпан айында 17 б. т. төмендеді және айдың соңында жылдық 14,21% құрады.

KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі қаңтарға қарағанда 83,0%-ға немесе 424,6 млрд теңгеге 87,3 млрд теңгеге дейін, бастапқы және қайталама нарықтардағы сауда-саттық көлемінің төмендеуіне байланысты азайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 4,2 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,3 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 311 мәмілені (қайталама нарықта – 306 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 13,4 млн теңгені (қайталама нарықта – 4,3 млн теңге) құрады.

Ақпан айында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 59,6 млрд теңгені құрады және қаңтармен салыстырғанда 86,8%-ға немесе 392,4 млрд теңгеге төмендеді:

- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ жылдық 12,45-12,80% өтеуге орташа алынған кірістілігі бар және 0,9 жылдан 2,0 жылға дейінгі өтеуге дейінгі мерзімдері бар облигациялардың төрт шығарылымын орналастыра отырып, 42,4 млрд теңге тартты;
- " R-Finance" Микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 23,00% - бен екі жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 642,4 млн теңге тартты;
- "Birinchi Lombard" ЖШС өтегенге дейін бір жыл мерзіммен жылдық 24,00% облигацияларды орналастырып, 600,2 млн теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі – 49,5%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 12,8%, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 31,2%, жеке тұлғалардың үлесі – 6,5% құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттер үлесі 0,1%-дан төмен болды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі ақпан айында қаңтарға қарағанда 53,8%-ға немесе 32,2 млрд теңгеге төмендеп, 27,7 млрд теңгеге түсті.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі – 8,3%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 7,8%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 8,2%, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 42,3%, жеке тұлғалардың үлесі – 33,5% құрады. Бейрезиденттердің үлесі 4,8% құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МҚБ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы ақпан айында 1,0%-ға немесе 231,3 млрд теңгеге ұлғайып, 24,3 трлн теңгені (53,9 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 583,2 млрд теңгені құрады және бастапқы және қайталама нарықтардағы сауда-саттық көлемінің төмендеуі есебінен қаңтармен салыстырғанда 52,6%-ға немесе 646,5 млрд теңгеге төмендеді. Ақпан айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 27,8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 7,2 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 12 (қайталама нарықта – 8), бір мәміленің орташа көлемі – 2,3 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,9 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 56,9%-ға немесе 570,0 млрд теңгеге төмендеп, 431,8 млрд теңгені құрады. Барлық көлем Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға келді. Барлығы тоғыз облигация шығарылымы жылдық 11,50-12,15%-бен және өтеу мерзімі 1,9 жылдан 15,4 жылға дейін орналастырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 38,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 59,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 2,5% тиесілі болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 33,6%-ға немесе 76,5 млрд теңгеге төмендеп, 151,4 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 49,6% немесе 75,2 млрд теңгені, МЕКАМ үлес – 46,1% немесе 69,8 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,1%-дан төмен немесе 911,5 мың теңгені құрады. 4,3% немесе 6,4 млрд теңгені құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ және Австрия Қаржы министрлігінің облигациялары) мәмілелерге келді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде МБҚ қайталама нарығында банктердің үлесіне – 42,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 3,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 25,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 28,0 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,5% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 2,6 %-ға бағаланды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

2024 жылдың ақпан айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 72 шығарылымының облигациялары болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 35 шығарылымы, Еуропалық Қайта құру және даму банкінің 17 шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің бір шығарылымы, Халықаралық Қайта құру және даму банкінің үш шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2024 жылғы ақпанда KASE ресми тізіміне төрт халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының сегіз шығарылымы енгізілді: Еуразиялық даму банкі мен Халықаралық қайта құру және даму банкі облигацияларының үш шығарылымы және Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Еуропалық инвестициялық банктің бір шығарылымы.

Ақпан айында халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 3,0 есеге немесе 37,3 млрд теңгеге өсіп, 55,8 млрд теңгені құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 52,3 млрд теңгені құрады және қаңтармен салыстырғанда 3,0 есеге немесе 197,6 млрд теңгеге ұлғайды. Барлығы екі эмитенттің облигацияларының төрт шығарылымы орналастырылды:

- Еуразиялық даму банкі жылдық орташа алынған кірістілігі 13,25-13,95% және өтелгенге дейінгі мерзімі 0,25 жылдан 1,0 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 18,8 млрд теңге тартты;
- Еуропалық қайта құру және даму банкі жазылым арқылы 33,5 млрд теңге тартып, TONIA + маржа 0,00% өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар үш жылдық халықаралық облигацияларды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесі 59,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,8%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 28,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 10,9% құрады. Бейрезиденттер МҚҰ-ның бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

2024 жылғы ақпанда қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі қаңтармен салыстырғанда 3,9 есе немесе 2,6 млрд теңгеге ұлғайып, 3,5 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығында банктердің үлесі – 48,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 48,9 %, өзге заңды

тұлғалардың үлесі – 1,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,1% құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 1,0% - ға бағаланды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2024 жылдың 01 наурызында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын 17 пай инвестициялық қорларының құралдары және алты ETF болды.

Есепті айда сауда-саттық көлемі 2,5 млрд теңгені құрады және қаңтармен салыстырғанда 2 есеге немесе 1,2 млрд теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 50,2% жеке тұлғаларға, 40,9% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 8,9% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 36,2 % құрады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

2024 жылғы ақпанда сауда-саттық көлемі 284,2 млн теңгені құрады және қаңтар айымен салыстырғанда 42,3%-ға немесе 84,5 млн теңгеге ұлғайды. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде жеке тұлғалардың үлесіне – 28,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 42,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 27,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 1,9% тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,2% құрады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың ақпан айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 33 мүшесі қатысты.

Ақпан айында шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі қаңтарға қарағанда 0,9%-ға немесе 25,1 млрд теңгеге өсіп, 2,7 трлн теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 127,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 607, бір мәміленің орташа көлемі – 209,3 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, негізгі бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағамы (өлшем %)
USD/KZT	4 400,96 (+16,7 %)	74,2 % (+9,9 %)	8 551 (-111)	445,50-455,05	450,65 (+0,6 %)
RUB/KZT	59 495,29 (+58,9 %)	11,0 % (+3,8 %)	3 499 (+243)	4,8000-5,0370	4,9710 (-0,9 %)
CNY/KZT	187,9 (-40,1 %)	0,4 % (-0,3 %)	134 (-60)	61,9000-63,1800	62,4369 (+0,3 %)
EUR/KZT	48,2 (-52,4 %)	0,9 % (-1,0 %)	274 (-281)	478,60-491,92	489,41 (+0,9 %)
EUR/USD	78,7 (-61,5 %)	1,4 % (-2,4 %)	175 (-279)	1,0699-1,0891	1,0850 (+0,3 %)

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, негізгі бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағамы (өлшем %)
USD/CNY	715,3 (-44,9 %)	12,1% (-10,1%)	124 (-77)	7,1873-7,2225	7,2093 (+0,3 %)
EUR/CNY	–	–	–	–	(–)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақпан айында ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 27,4 трлн теңгені құрап, қаңтар айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 13,1%-ға немесе 4,1 трлн теңгеге төмендеді.

26 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п. п. пайыздық дәлізімен жылдық 14,75%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Мәмілелер көлемі арқылы өлшенген USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 72 б.т. жылдық 13,71% - дан 14,43%-ға дейін ұлғайды.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі ақпан айында 21,0 трлн теңгені құрады, бұл қаңтардағы көлемнен 4,3 трлн теңгеге немесе 16,8%-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 1,0 трлн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 806, бір мәміленің орташа көлемі – 1,2 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 13,8 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 65,6%, МББҚ-мен авторепо – 7-7,2 трлн теңгені немесе 34,3%, МҚБ тікелей репо – 17,7 млн теңгені немесе 0,1%-дан төмен көрсеткішті, МББҚ тікелей репо – 7,1 млрд теңгені немесе 0,1%-дан төмен көрсеткішті құрады.

Ақпан айының соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 14,32%-дан 15,03%-ға дейін 71 б.т.-ға өсті.

TRION индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен Биржада бір жұмыс күні ішінде жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) 66 б.т.-ға жылдық 14,35%-дан 15,01%-ға дейін өсті.

TWINA индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен Биржада автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) 35 б.т.-ға жылдық 14,39%-дан 14,74%-ға дейін өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Ақпан айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 6,4 трлн теңгені құрады, бұл қаңтардағы көлемнен 147,0 млрд теңгеге немесе 2,4%-ға жоғары. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 303,5 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 49, бір мәміленің орташа көлемі – 6,2 млрд теңгені құрады.

Валюталық своп құрылымында 6,2 трлн теңге немесе валюталық своп операциялары көлемінің 97,7%-ы USDKZT своптарына; 147,4 млрд теңге немесе 2,3% - RUBKZT жұбына; 198,6 млн теңге немесе 0,1%-дан төмені EURKZT жұбына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	1 900,4	4 224,6	29,8%
	USDKZT_0_002	4 324,9	9 614,3	67,8%
	USDKZT_1_001	1,5	3,4	<0,1%
EUR/KZT	EURKZT_1_001	0,2	0,4	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	3,3	660,0	0,1%
	RUBKZT_0_002	132,4	27 000,0	2,1%
	RUBKZT_1_001	11,7	2 404,8	0,2%

Ақпан айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі бір айда 254 б.т. өсіп, жылдық 11,39% құрады, SWAP-2D (USD) екі күндік валюта свопының кірістілігі ақпан айында 345 б.т.-ге, яғни жылдық 12,52%-ға дейін өсті.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп "ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE индексіне жеткізілімсіз фьючерстер сауда-саттыққа қолжетімді.

2024 жылғы ақпанда деривативтер нарығында мәмілелер жасалған жоқ. 01 наурыздағы жағдай бойынша деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болмады.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.